

Список литературы:

1. Развитие педагогического мастерства учителей общеобразовательных школ Республики Казахстан/проект.-Астана: НИШ, 2013 - с. 9-10
2. Назарбаев Н.А. Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания - Астана, Акорда, 2017 - 53 с.
3. Послание Президента Республики Казахстан Н.Назарбаева народу Казахстана. 31 января 2017 г. «Третья модернизация Казахстана: глобальная конкурентоспособность» // http://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president/poslanie-prezidenta-respubliki-kazahstan-nazarbaeva-narodu-kazahstana-31-yanvary-2017-g

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚАЙРАТКЕРЛІГІ

Ахметов Тілеген Әлмұқанұлы
педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор
Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтының
ғылыми жұмыс және стратегиялық даму жөніндегі проректоры

Аннотация

Бұл мақалада Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық қызметінің жаңа қырлары ашып көрсетіледі. Шоқан, Абай, Ыбырайдың қазақ руханиятындағы алар орны сөз болып, ұлы ұстаздың қазақ даласында мектеп ашу ісіндегі жанқиярлық еңбегі, қайраткерлік қасиеті суреттеледі.

Аннотация

В данной статье раскрываются новые грани педагогической деятельности Ибрая Алтынсарина. Показана роль Шокана Уалиханова, Абая Кунанбаева, Ибрая Алтынсарина в развитии духовной культуры казахского народа, а также патриотизм, служение родному народу и усердный труд великого педагога И.Алтынсарина в открытии школ на казахской земле.

Abstract

The article deals with new facets of Ibrai Altynsarin's pedagogical activity. The role of Shokan Ualikhanov, Abai Kunanbayev, Ibrai Altynsarin in the development of Kazakh spiritual culture is shown in the article. Patriotism, service to native people and hard work of the great teacher I. Altynsarin in the opening of schools on the Kazakh land are presented in the article.

Түйінді сөздер: *Ыбырай Алтынсарин, Алаш қайраткерлері, Н.И.Ильминский, қазақ халқы, ұстаз, мектеп, ағартушылық, оқу-білім, балалар.*

Ключевые слова: *Ибрай Алтынсарин, деятели Алаш, Н.И.Ильминский, казахский народ, учитель, школа, просветительство, образование, дети.*

Keywords: *Ibrai Altynsarin, public figures of Alash, N.I. Ilminsky, Kazakh people, teacher, school, enlightenment, education, children.*

Қазақ ұлтының интеллектуалды алтын қорында айрықша орны бар тұлғаның бірегейі ұлт ұстазы Ыбырай Алтынсарин екендігі бесенеден белгілі. Ыбырай десе қараңғы қазақ көгінде айналаға жарығын шашқан шамшырақ немесе бүкіл түркі дүниесіне сәулесін төккен нұрлы жұлдыз көз алдына елестейді.

Оқу - білім өлкесінде Ыбырай секілді ағартушы дүниеге келмесе, 19 ғасырдың аяғы мен 20 ғасырдың басындағы қазақ өркениетінің хал-ахуалын елестету өте қиын. Ыбырай Алтынсарин болмаса, тарих сахнасына Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Елдес Омаров, Халел Досмұхамедов секілді Алаш қайраткерлері көтерілер ме еді, кім білсін?!

Тарих ғылымында белгілі тұлғалардың адами, ғылыми, интеллектуалды қасиеттерін салыстыру, талдау абырой әперетін іс емес. Сонда да болса, қазақтың бертінгі ағартушылық, мәдени, жалпы рухани өміріндегі тұлғалардан ерекше ауызға түсетіндері ұлы оғландарымыз Шоқан Уалиханов, Абай Құнанбаев және Ыбырай Алтынсарин екендігі айқын.

Шоқан Уалиханов – ғалым, географ, этнограф, саяхатшы. Шоқан да «Хан баласында қазақтың қақысы бар. Тірі болсам қазаққа қызмет қылмай қоймаймын» деп Шыңғыс хан тұқымы, әрі аталас туысы Әлихан Бөкейханов айтқандай қазаққа қызмет етіп, еңбегі сіңген қайраткер ғалым.

«Ұлтына, жұртына қызмет ету, білімнен емес, мінезден» [1,119 б.], – деп Әлихан Бөкейханов түйіндегендей, Шоқанда да, Абайда да, Ыбырайда да зор біліммен қатар «елге қызмет етсем, пайдалы адам болсам» деген патриоттық мінез болған еді. Сол мінездің арқасында олар өз мақсаттарына жете білді.

Ұлы Абай – ойшыл, данагөй ақын, философ, батыс пен шығысты жалғастыратын алтын көпір. Абай оқу-білімнің жанашыры болып, қазақтың болашағы сауатсыздықты жою да, оқу-білімде екендігін ерте түсініп, балаларын, ағайын-туыстарын мектеп-медреселерде оқытқан. Інісі Шәкәрімді шет елге жіберіп, әлемдік деңгейдегі білім алуға, ғылыммен айналысуға, дайындаған. Бірақ, бүкіл қазақ даласында мектеп ашуға әрекет етпеген, Ыбырай сияқты оқу-ағарту ісінде қайраткерлік қасиет көрсетпеген.

Ал, Ыбырай Алтынсарин болса, ұстаз ретінде қазақ балаларын оқытып қана қоймай, қалалар мен ірі-ірі елді мекендерде жаңа үлгідегі мектеп ашуды қолға алған адам. Осы жолда кездескен талай қиыншылықтарды жеңе отырып, ұлт мүддесін өзінің жеке басының мүддесінен жоғары қоя біліп, бүкіл қазақ халқының жүрегіне жол сала алған адам. Қазақта Патшалық Ресейдің отаршылдық саясатына қарсы тұратын әскери күштің жоқ екендігін түсінген Ыбырай, қазақтың ұлт ретінде жойылып кетпеуінің кепілі ретінде білім мен ғылымды ғана таныған. Түбінде отаршылдық күшке, империялық саясатқа қалқан болар қазақтан шыққан оқығандар мен зиялылар боларын ол іштей сезіп, осы бағытта өзінің оқу-ағартушылық қызметін құра білді.

Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық еңбегін оның замандастары, орыс достары жоғары бағалаған. Әсіресе, миссионерлік, шовинистік пиғылы болса да, оның жақын әріптесі Н.Ильминский Ыбырай Алтынсариннің қазасына байланысты жазған «Воспоминания об И. Алтынсарине» деген мақаласында ұлы ұстаздың оқу-ағартушылық, азаматтық, патриоттың еңбегіне кеңінен тоқталады. Оның өмір жолынан, өмірбаянынан, ол жазған хаттардан деректер келтіреді. Ыбырайдың адами қасиеттерін, оқу-білімге құштарлығын, оның жан дүниесінің тазалығын имандылық қасиетінің молдығын былайша суреттейді: «И вот собралась у меня масса материалов, как о школах, так и о личности Алтынсарина. Из такого богатого материала художник составил бы прелестную картину, достойную своего предмета; я же, признаюсь, и не пытался сделать что-либо подобное и решился, в вид приложения к моим Воспоминаниям, подлинником напечатать документы и бумаги, как из Полного Собрания законов и всех вышеупомянутых дел, как особенно все до единого, мне и другим адресованным письма покойного Алтынсарина, в которых выразилась его прекрасная, благородная душа» [2, 7 б.], «Я постоянно имел к нему самое искреннее расположение, особенно ценил я в нем живую любознательность к русскому образованию и постоянную мысль о необходимости этого образования для киргиз» [2, 4б.].

Қазақ даласында Ыбырай Алтынсарин ашқан мектептерді бүгінгі күнге дейін мындаған шәкірттер бітіріп, қазақ халқына қызмет етуде. Ол шәкірттердің ішінде еңбек ерлері, ақын-жазушылар, ғалым-академиктер, профессорлар, ғылым докторлары мен кандидаттары, оқу орны мен мекеме басшылары бар.

Тарихқа көз жүгіртсек Ыбырай ашқан мектептердің саны 16 екен. Олардың барлығы бүгінгі күні шәкірт тәрбиелеп, абыройлы білім беру ісін жалғастыруда. Ыбырай ашқан мектептердің тізімі төмендегідей:

Алтынсарин мектептерінің ашылу жылнамасы

№ р/с	Ашылған жылы	Мерзімі	Оқу орны
1	1864	08 қаңтар	Торғай мектебі, Ы. Алтынсарин мұғалім болып тағайындалды
2	1879		Ырғыз уезінде ашылған 2 сыныптық училище
3	1880		Торғай уезінде ашылған 2 сыныптық училище
4	1881	23 мамыр	Бөрте уезінде ашылған 2 сыныптық училище (1884 ж. Ақтөбеге ауыстырылған)
5	1883	10 сәуір	Орск – мұғалімдер мектебі (1889 ж. Орынборға ауысты)
6	1183	15 қараша	Яковлев қолөнер училищесі - Торғай
7	1184	01 қыркүйек	Қостанайда ашылған 2 сыныптық уездік училище
8	1887	07 қазан	Бөрте болыстық мектебі
9	1887	10 желтоқсан	Обаған болыстық мектебі (1891 ж. – Қарағайлықөл, Меңдіқара)
10	1887	29 желтоқсан	Жетіқара-Шұбар болыстық мектебі
11	1887	01 қараша	Қарабұтақ болыстық мектебі (1894 ж. бастап 2 сыныптық училище)
12	1887	15 қыркүйек	Ырғызда ашылған әйелдер мектебі (орыс) (1888 ж. бастап 2 сыныптық училище)
13	1887	9 қараша	Қараторғай болыстық мектебі
14	1888	21 тамыз	Қостанайда ашылған ерлер мектебі (орыс)
15	1888		Ақтөбеде ашылған әйелдер мектебі (орыс)
16	1888		Ырғыз кешкі мектебі
Ы. Алтынсарин қайтыс болғаннан кейін ашылған мектептер			
17	1891		Торғайда ашылған әйелдер мектебі
18	1891	27 қыркүйек	Әулікөл болыстық мектебі
19	1891	қазан	Қарағайлықөл болыстық мектебі
20	1893		Қостанай әйелдер училищесі
21	1895		Қарабұтақ әйелдер училищесі
22	1896		Ақтөбе әйелдер училищесі
23	1892	15 маусым	Қарағайлысай ауыл мектебі (бірінші)

Туған ұлтын құлай сүйген Ыбырай қазақ халқының асыл қасиеттерін іс-жүзінде де, өз еңбектерінде де насихаттай білген. Сондықтан болар, ол қазақ халқы туралы: «Қазақ халқы азбаған, табиғаты таза халық. Оның талабы біреу салып берген тар шеңбердің қыспағына сыя алмайды: ой-пікірі еркін, оның келешегі үшін оған тек сана-сезім жағынан жалпы білім мен пайдалы өнерді үйрену керек болып отыр» [3, 6 б.], – деп жазады. Ыбырай Алтынсариннің: «Пайдалы нәрсенің бәріне жаны құмар халқымызға шамамыз келгенше қызмет ету – біздің әрқайсымыздың азаматтық борышымыз» [3, 7 б.], – деген ұран сөздері әр қазақтың жүрегіне өсиет болып орнығуға тиіс.

Ыбырай Алтынсарин білім нәрін қазақ даласына шашқандықтың нәтижесінде, 20 ғасырдың басында Алаш қайраткерлері қазақ халқын сауатсыздықтан құтқару үшін оқу-ағарту ісіне бел шешіп кіріскен еді. Олар ауыл-ауылда, жер-жерде мектеп ашып қана қоймай, өздері де балаларға арнап оқу құралдарын, оқулықтар жаза бастайды. Мәселен, Мағжан Жұмабаев өзі ақын бола тұра, «Педагогика» деген оқулықты жазса, Жүсіпбек Аймауытов «Психология» деген оқулығын балаларға ұсынды. Ал, Міржақып Дулатов болса «Оян қазақ», «Есеп құралы» атты оқулықтарды дүниеге әкелсе, 1923 жылы Елдес Омаров «Физика», «Пішіндеме (геометрия)», «Әліппе» деген кітаптарды баспадан шығарады.

Алаш қайраткерлерінің оқу-ағарту саласындағы бұл іс-әрекеттері, еңбектері – ерлікпен парапар, ұлтжандылықтың, отансүйгіштіктің ең жоғарғы көріністері. Ыбырай Алтынсариннің еңбегін ақтаған Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып Дулатов Торғай

қаласындағы Ыбырай Алтынсарин іргесін көтерген уездік орыс-қазақ мектебінің түлектері.

Ұлы ұстаз туралы: «Қазақ қыздарына дүнияуи білім беру ісін тұңғыш көтеруші де, оларға арнап мектеп-интернат ашушы да Ы.Алтынсарин болды. Қараңғы қазақ сахарасынан оқу-ағарту ісінің сара жолын салған, Алтынсаринді бүкіл еліміз «Ұстаздардың ұстазы» деп орынды мақтаныш етеді» [4,174 б.], – деп Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясында жазылуы бекерден-бекер емес.

Ыбырай Алтынсарин өмірден озғаннан кейін ол туралы алыпқашпа сөздер де көп болған. Сонын бірі – Ыбырай шоқынған, оның сандығынан крестер шыққан деген сөздер. Әрине қалың ұйқыда жатқан қазақ қауымын ұйқыдан оятып, күнделікті үйреншікті тіршілігін өзгертуге шақыру, орыстық үлгідегі мектептер ашып, балаларды оқыту көп адамдарға ұнай қоймағаны табиғи құбылыс. Шындығында, Ыбырай ешқашан ата дінін сатқан емес, өлер алдында жақын ағайын туыстарына жаназасын шығаруға молдаларды шақыртқаны тарихтан белгілі. Шоқынған адам «Шариат-ул-ислам» (Мұсылманшылдық тұтқасы) атты кітап жазып, балаларға арнап:

Бір құдайға сиынып,

Кел, балалар, оқылық!

Оқығанды көңілге

Ықыласпен тоқылық!

Істің болар қайыры

Бастасаңыз Аллалап.

Оқымаған жүреді –

Қараңғыны қармалап. [3, 8 б.].

Оқу білген таниды,

Бір жаратқан Құдайды:

Танымаған Құдайды,

Не ғылғанда ұнайды? [3, 8 б.], – деген үндеу өлең шығара ма?

1882 жылдың 12 қыркүйек айында Н.И.Ильминскиге жазған хатында қазақ балаларының діни сауаттылығын арттыру үшін «Мұсылманшылық шарты» деген кітап шығарғалы жатқаны туралы:

«Мен соңғы кезде Мұхамбет шарифатын үйрене бастап, осыған қоса жіберіліп отырған оқу құралын құрастыруға кірістім. Менің бұл іске кірісуіме тағы бір себеп болған нәрсе – қазақ молдаларының өздері де қолдарындағы кітаптарының қолайсыз екенін мойындады.

Міне, осының бәрін еске ала келе, менің бұл еңбегім, балаларына құдай парызын әрбір мұсылманның білуіне және бұл пән оқытылатын орыс-қазақ мектептерінің қолданатын құралы ретінде өзінің алдына қойған мақсатына сай келеді деп сенуге батылым барады; ал оны жай қазақтар ғана емес, сонымен бірге қазақтың көптеген беделді молдалары да мақұлдап отырғандықтан, ол қазақ даласында кең қолданылады-ау деймін» [5,143 б.], – деп жазады.

Ыбырай Алтынсариннің қайраткерлігі туралы пікір айтқан, педагогикалық мол мұрасын, оның өмір жолын, оқу-ағартушылық қызметін зерттеуші ғалымдар баршылық. Олар: А.Құманбаев, Д.Сұлтанғазин, Н.И.Ильминский, О.Әлжанов, М.Сералин, М.Әуезов, Б.Сүлейменов, Ә.Сыдықов, Ә.Дербісәлин, Ә.Ламашев, т.б..

Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтында жерлесіміз Ыбырай Алтынсаринге қатысты жыл-сайын оқу-тәрбиелік мәні зор іс-шаралар өткізіліп тұрады. Институтта жақсы безендірілген Ыбырай Алтынсарин атындағы дәрісхана бар. «Ыбырай Алтынсарин оқулары» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияны өткізу жыл сайынғы дәстүрге айналды.

Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтының ұстазы, ақын, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Серікбай Оспановтың «Сөнбес шырақ» атты 390

беттен тұратын, Ыбырай Алтынсариннің өмір жолын, қызметін, педагогикалық ой-пікірлерін жана қырына сипаттайтын еңбегі Қостанай жұртшылығы түгіл, бүкіл Қазақстан әлеуметіне қатысты айтулы оқиға болды. [6,390 б.]. Серікбай Оспановтың «Алтынсариннің айналасындағы адамдар» атты кітабы да – құнды зерттеу еңбек. Бұл кітаптар бүгінде еліміздің ұстаздарының өте жоғары сұранысына ие болып отыр.

Қорыта айтқанда, Шоқан, Абай, Ыбырай бастаған Алаш ардақтыларының өмір жолы, қайраткерлігі, рухани адамгершілік мұралары – жас ұрпақ үшін үлкен үлгі, бағалы бағдар, желісі үзілмес сабақтастық болмақ.

Әдебиеттер тізімі:

1. Бөкейханов Ә. Шығармалар. Алматы: Өнер, 1994. –383 б.
2. Ильминский Н. «Воспоминания об И.А.Алтынсарине». – Казань: ТипоЛитография. В.М.Ключникова. 1891. – 10 с.
3. Алтынсарин Ы. Қазақ хрестоматиясы. (Киргизская хрестоматия).– Алматы: Білім, 2003. –112 б.
4. Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы. Бірінші том. Құрастырған: Жарықбаев Қ., Қалиев С. – Алматы: Рауан, 1994. –320 б.
5. Ы.Алтынсариннің таңдамалы педагогикалық мұралары. Құрастырған: Қалиев С. – Алматы: Рауан, 1991. –200 б.
6. Оспанов С. «Сөнбес шырақ». – Қостанай. 2016. –390 б.

ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ НАУКИ В КОНТЕКСТЕ МЕЖДИСЦИПЛИНАРНОСТИ

Бережнова Елена Викторовна
доктор педагогических наук,
проф. МГИМО МИД России, г. Москва

Аннотация

Мақалада заманауи күрделі мәселелерді ғылыми тұрғыда зерттеу барысында ғалымдардың пәнаралық зерттеу жүргізуге талаптанудың өзектілігі қарастырылған. Пәнаралық байланыста ғылымның даму жолы мен болаққа бағыт-бағдар алуы айқындалады.

Аннотация

Автор статьи показывает, что стремление ученых к междисциплинарным исследованиям является способом преодоления проблем в изучении современных сложных явлений. Он ставит вопрос о характере этой тенденции и перспективах развития педагогической науки.

Abstract

The author of the article shows that the tendency of scientists to conduct interdisciplinary researches is a way to overcome the problems of studying the present-day complicated phenomena. He raises the issue of the nature of this tendency and the perspectives of the pedagogical science.

Түйінді сөздер: *пәнаралық зерттеу, ғалымдар мұрасы, педагогиканың әдістанымы, педагогиканың кіріктірілген қызметі.*

Ключевые слова: *междисциплинарные исследования, наследие ученых, методология педагогики, интегративная функция педагогики.*

Keywords: *interdisciplinary researches, the generations of scientists, the methodology of pedagogy, the integrative function of pedagogy.*

И. Алтынсарин в качестве важной составляющей части профессионализма учителя выделял методическую подготовку. Методическое обеспечение учебно-воспитательного процесса, реализуемое в ходе практической деятельности учителя, непосредственно связано с уровнем развития и достижениями педагогической науки, а также результатами ее взаимодействия с другими науками. Следует заметить, что педагогическая наука переживает постнеклассический этап развития, оказывается